

«6D011000-Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовнаның «Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Фармацевт - фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар жоғары немесе қосымша фармацевтикалық білімі бар маман болып табылады.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының классификациясы бойынша Фармацевт мамандығы медициналық университеттердің фармацевтикалық факультеттерінде жоғары білім алған тұлғаларға тағайындалады. Сондықтан медициналық жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының еңбек нарығында сұранысқа ие болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы саласына кәсіби-білікті мамандарды даярлау маңызды болып табылады.

Аталған мәселеге байланысты медициналық жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау мақсатында пән бойынша типтік және оқу бағдарламаларын белгіленген тәртіппен әзірлеуді, жаңартуды және бекітуді, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды басып шығаруды жоспарлау мен дайындауды, дәріс курсының мазмұнын әзірлеу мен жаңартуды, зертханалық-практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқауларды, білімді бақылау нысандарын жетілдіруді, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру мен жандандыруды, профессорлық-оқытушылар құрамының ғылыми-педагогикалық әлеуетін арттыруды көздейді.

Медициналық жоғары оқу орындарында фармацевтикалық өндіріс технологиясының болашақ мамандарын даярлауда кәсіби іс-әрекетте электротехника және электроника негіздері пәнінен игерген білімі мен дағдыларын тиімді қолдануға назар аударылады. Сондықтан аталған пән фармацевтикалық өндіріс технологиясының болашақ мамандарының оқу бағдарламаларына міндетті пән ретінде енгізілген.

Сондай мақсатпен дайындалған бұл диссертация түрлі фармацевтикалық электрондық құрылғылардың негізгі құрама бөліктерінің құрылу принципі мен жұмысы, олардың тізбектерінде өтетін физикалық процестер мен заңдылықтар туралы қажетті мағлұматтарды жеткілікті түрде баяндауға және оларды зерттеу әдістерімен таныстыруға арналған.

Ш.Е.Жусипбекованың диссертациялық жұмысында «Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі» бойынша фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтарына өндіріс орындарындағы физикалық құрылғыларды игеріп дамытуға өзіндік үлес қосады.

Педагогикалық эксперименттің нәтижелері бойынша "Электротехника және электроника негіздері" пәнің оқыту әдістемесіне интегративті, тұлғалық іс-әрекеттік, құзыреттілік тәсілді қолданудың оң әсерін, әдістемелік жүйенің құрылымы мен мазмұнын таңдаудың дұрыстығын көрсетеді.

Ш.Е.Жусипбекованың диссертациялық жұмысы бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруға өзіндік үлесі «Электротехника және электроника негіздері» атты пән әдістемесінің жетілдіруінде. «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің оқу материалдары жаңартылып, мазмұны толықтырылды. Ұсынылған «Электротехника және электроника негіздері» оқу құралы фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтарына білімді саналы менгеруді қамтамасыз ету мақсатында оқу үдерісіне ендірілді. Зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне пайдаланудың ғылыми-теориялық негіздерінің нақтылануы жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Ш.Е. Жусипбекованың зерттеуінде «Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесіне» теориялық талдау жүргізілді; медициналық жоғары оқу орындарында фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтары үшін "Электротехника және электроника негіздері" пәнінің мазмұны айқындалды және әдістемелік жүйе дайындалды; фармацевтика технологиясының болашақ мамандарын даярлау кезінде Электротехника және электроника негіздерін зерделеу критерийлері, көрсеткіштері, әдістері, принциптері айқындалды; фармацевтикалық өндіріс технологиясының болашақ мамандарының болашақ кәсіби қызметіне қойылатын талаптар анықталды.

Ғылыми зерттеу аясында Ш. Е. Жусипбекова С.Д. Асфендияров атындағы медицина ұлттық университетінің болашақ мамандарын даярлау шеңберінде "Электротехника және электроника негіздері" атты оқу құралын және "Электротехника және электроника негіздері" атты электронды оқулық әзірлеп, оқу процесіне енгізді. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін 6B07201 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарын даярлауда тиімді қолдануға болады.

Қорыта айтқанда «6D011000-Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовнаның «Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі» атты диссертациясын аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына «6D011000-Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық деп санап, қорғауға философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне жіберуге болады деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
п.ғ.д., профессор

Джусип

Бабаев Д.Б.

Подпись профессора Бабаева заверено

